

**Лисаков қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 26 ақпандағы № 315 "Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін білім беру мамандары лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 2013 жылы 25 қазандағы № 476 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 26 қарашада № 4306 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 1 шілдедегі № 302 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 01.07.2014 № 302 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 18-бабы 2) тармақшасына, 238-бабы 3-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 2-тармағына сәйкес Лисаков қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Лисаков қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 26 ақпандағы № 315 "Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін білім беру мамандары лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-4-112 болып тіркелген, 2008 жылғы 10 сәуірде "Лисаковская новь" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Ауылдық жерде жұмыс істейтін білім беру мамандары лауазымдарының тізбесін айқындау туралы";

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Ауылдық жерде жұмыс істейтін білім беру мамандары лауазымдарының тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.";

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Л и с а к о в**

*қаласының әкімі*

*М. Жүндібаев*

**КЕЛІСІЛДІ:**

\_\_\_\_\_ Г. Жарылкасымова

Ә к і м д і к т і ң

2013

ж ы л ғ ы

25

қ а з а н д а ғ ы

№ 476 қаулысына қосымша

**Ауылдық жерде жұмыс істейтін білім  
беру мамандары лауазымдарының  
тізбесі**

- Білім мамандарының лауазымдары:
- 1) барлық мамандықтағы мұғалімдер;
  - 2) мектеп директоры;
  - 3) оқыту, тәрбие жұмыстары бойынша мектеп директорының орынбасары;
  - 4) қосымша білім беру педагогы;
  - 5) педагог – психолог;
  - 6) аға жетекші;
  - 7) кітапханашы;
  - 8) тәрбиеші;
  - 9) музыкалық жетекші;
  - 10) дене шынықтыру жөніндегі нұсқаушы;
  - 11) қазақ тілі оқытушысы;
  - 11) әлеуметтік педагог;
  - 12) медициналық бике.